

Саиранқызы Салтанаттың
6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге «Бронхөкпе
дисплазиясымен сырқаттанатын науқастарға медициналық-әлеуметтік
көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Балалар денсаулығын сақтау және нығайту денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Аталған мәселені шешу үлкен әлеуметтік маңыздылыққа ие және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған 2016-2019 жылғы «Денсаулық» Мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарына кіреді. Бағдарлама аясында перинаталды медицинаны дамыту, акушерлік-гинекологиялық және педиатриялық қызметтер арасындағы байланысты жақсарту, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) халықаралық стандарттарын және ғылыми дәлелді медицина негізінде жасалған акушериядан, неонатологиядан, педиатриядан диагностика мен емдеу хаттамаларын енгізу қарастырылған [2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы]. Қазіргі таңда аталған мемлекеттік бағдарлама негізінде басталған басты реформалар Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жалғастырылып келеді [ҚР денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы].

ДДСҰ ұсынысымен перинаталды кезенді тіркеудің жаңа критерийлеріне байланысты соңғы жылдары әлемде салмағы төмен және экстремалды төмен нәрестелердің саны көбейіп келеді. ДДСҰ мәліметі бойынша, жыл сайын дүниежүзінде 15 миллион бала мерзімінен ерте туылады, ол барлық нәрестелердің 10 % құрайды. Сонымен қатар оның жиілігі барлық елдерде өсіп келеді [ДДСҰ, 2014]. Мәселен, соңғы жылдары шала туылу көрсеткіші орташа есеппен АҚШ-та – 10,02 %, Ұлыбританияда – 8,0 %, Германияда – 7,7 %, Жапонияда – 5,7 %, Ресейде – 9 % тең болды [Martin J.A. et al., 2019; Story L. et al., 2019; Kramarz S., 2020; Takahashi Y. et al., 2017; Shuvalova et al., 2015;]. Қазақстан Республикасының статистикалық жинағының мәліметі бойынша, 2019 жылы 5,5 % жүктілік мерзімінен ерте босанумен аяқталған және бұл көрсеткіштің соңғы он жылда өсуге деген бейімділігі байқалады [ҚР статистикалық жинағы, 2020].

Шала туылған балалардың арасында жиі кездесіп, балалардың өмір сапасына әсерін тигізетін аурулардың бірі – бронхөкпе дисплазиясы (БӨД). БӨД – тыныс жетіспеушілігі, бронхиалды обструкцияның қайталанбалы эпизодтарымен көрініс беретін, қосымша аурулардың көптігімен сипатталатын ауыр дерттердің қатарына жатады [Michael Collaco J. et al., 2011]. БӨД нәтижелері балаларда ересектер арасындағы мүгедектік пен өлім себептері бойынша алдыңғы қатарды иеленіп, мемлекетке үлкен

ауырпалықтар әкелетін өкпенің созылмалы обструктивті ауруын дамыту қаупі жоғары [Сокол Е.Б. и др., 2011]. Сол себепті, бала кезінен мүгедектікті және өлімді төмендету үшін, аурудың мүмкін болатын қолайлы нәтижемен аяқталуына аталған балалар контингентін диспансерлік бақылауда ұстау және оңалту мәселелері маңызды болып табылады. Соңғы жылдары бірқатар ғалымдар осы мәселені қозғап, әр алуан зерттеу жұмыстарын жүргізуде [Овсянников Д.Ю., 2017; Ковальова О.М. и др., 2015; Кича и др., 2018].

Аса шала туылған нәрестелерді күтудің жақсаруына байланысты, соңғы жылдары біздің елімізде де басқа да дамыған мемлекеттерде байқалғандай БӨД-мен аурушандықтың өсіп келетіндігін байқауға болады. Сондықтан да болар қазіргі таңда елімізде БӨД мәселелері осы салада жұмыс жасайтын мамандар арасында қызығушылық тудыруда, бұны БӨД арналған отандық бірқатар ғылыми мақалалардың жарық көруінен байқауға болады [Тусупкалиев Б., 2013; Альмухамбетова С.М., 2013; Батырханов Ш.К. и др., 2018; Ли Т.А. и др., 2018; Баймолданова А.Б. и др., 2020].

Науқастардың мүгедектіктігі, оларда қосалқы аурулардың байқалуы, жақын онжылдықтағы анамнезінде бронхөкпе дисплазиясы бар балалардың ересектер желісіне өтуі, аталған аурумен педиатрлардың жеткіліксіз хабардар болуы, аурудың диагностикасы мен науқастарды жүргізудегі қателіктердің жиілігі – осылардың бәрі БӨД мәселесіне тек медициналық емес, сонымен қатар үлкен әлеуметтік маңыздылықта береді [Бронхолегочная дисплазия у детей. – М.: 2012]. Алайда отандық және шетелдік ғылымда БӨД ауыратын балаларға бағытталған, медико-әлеуметтік мәселелерін басшылыққа алған зерттеулер аз екендігін байқауға болады. Сонымен қатар, бұл зерттеулер тек ғылыми мақалармен шектелген.

Осының барлығы аталмыш диссертацияны жоспарлауға және орындауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты

Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балалардың катамнезін зерттей отырып, аталған патологиямен науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету сапасы мен тиімділігін арттыру моделін даярлау.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей **м і н д е т т е р** қойылды:

1. Нәрестелердегі БӨД жиілігі мен қауіп факторларын анықтау;
2. БӨД сырқаттанатын балалардың денсаулық жағдайын динамикада талдау және үш жастағы ауру нәтижесін көрсету;
3. Отбасылардың медико-әлеуметтік сипатын мен медициналық белсенділігін анықтау, олардың медико-әлеуметтік көмектің негізгі түрлеріне қажеттіліктерін айқындау;
4. БӨД сырқаттанатын және сырқаттанған балалардың өмір сапасын бағалау;
5. Ғылыми негізделген БӨД сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру моделін құрастыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Қазақстанда алғаш рет БӨД сырқаттанатын балаларға медико-элеуметтік көмекті жетілдіру бойынша кешенді ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді. Ол отандық қоғамдық денсаулық сақтау саласында **алғаш рет** анықталған келесі мәселелерді қамтиды:

Зерттеу барысында Алматы қаласы Қалалық перинаталды орталығында дүниеге келген нәрестелер арасында БӨД сырқаттанатын науқастардың жиілігі анықталып, олардағы аурудың дамуына ықпал етуші негізгі қауіп факторлары көрсетілді.

Күтімнің II кезеңінен шығарылғаннан кейінгі БӨД сырқаттанатын балалардың денсаулық жағдайы кешенді талданды. Балалардың үш жасындағы БӨД-ның нәтижелері көрсетілді.

Зерттеу аясында арнайы құрастырылған, авторлық үлгідегі сауалнама көмегімен ата-аналар арасында жүргізілген элеуметтік сұқбат арқылы БӨД-мен сырқаттанатын баланың денсаулығына әсер етуші медико-элеуметтік факторлар анықталды.

PedsQLtm 4.0 халықаралық сауалнамасын пайдаланумен Алматы қаласы емханаларындағы БӨД сырқаттанатын және сырқаттанған балалардың өмір сапасы бағаланды.

БӨД сырқаттанатын балаларға медико-элеуметтік көмекті жетілдіру моделі әзірленді және ғылыми тұрғыдан негізделді. Оның құрамдас бөлігі болып табылатын БӨД-мен сырқаттанатын науқастар регистрі тұңғыш рет құрастырылды.

Практикалық маңызы

Денсаулық сақтау жүйесі деңгейінде:

Науқастар туралы мәліметтер базасын жинауға және оларды динамикада бақылауға, медициналық және элеуметтік мәселелерді айқындауға мүмкіндік беретін БӨД-мен сырқаттанатын науқастар регистрі (bld.bolimi.kz) жасалып, өндіріске енгізілді.

Балалар арасындағы аурушандықты, мүгедектікті және өлімді төмендетуге бағытталған, бір-бірімен байланысты төрт бөлімнен тұратын (ұйымдастырушылық, медициналық, элеуметтік-психологиялық, білім беру) тұтас жүйе ретінде көрінетін БӨД сырқаттанатын балаларға медико-элеуметтік көмекті жетілдіру моделі әзірленді.

Медициналық ұйым деңгейінде:

Зерттеу нәтижесінде анықталған қауіп факторларын фертилді жастағы әйелдер және нәрестелерге көмек көрсететін медициналық ұйымдарда БӨД дамуын болжау мен алдын-алу үшін пайдалануға болады.

Диссертациялық зерттеу барысында арнайы құрастырылған сауалнаманы (Қосымша А) БӨД-мен сырқаттанатын, сонымен қатар шала туылған баласы бар отбасылардың медико-элеуметтік мәселелерін анықтауда қолдануға болады.

Білім беру ұйымдары деңгейінде:

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері медициналық жоғарғы оқу орындарының студенттерін, жоғарғы оқу орынынан кейінгі білім беру

мекемелерінің ізденушілерін оқыту, сонымен қатар неонатологтар мен педиатрлардың біліктілігін арттыру үшін жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді және жаңа клиникалық протоколдарды құрастыруға негіз бола алады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Бір жасқа дейінгі балалар арасында асқыну өршуімен сипатталатын мультифакториалды БӨД аурушылдығы жиі өлім көрсеткіштерін (18,8%) құрайды. Сонымен қатар ауыр коморбидті ауру ретінде балалар арасындағы мүгедектіктің жоғары деңгейін көрсетеді (28,1%). Зерттеу кезеңіне сәйкес БӨД динамикасы (2013ж. – 0,2% -дан 2017ж. -0,4% -ға), әсіресе шала туылғандар арасында (2013ж. – 1,3% -дан 2017ж. – 2,9% -ға) артқан. Балалар арасындағы БӨД антенаталды, интранаталды (жүктіліктегі ісіну ($p=0,009$), қағанақ суының көптігі ($p=0,035$), антенаталды стероидты РДС алдын-алуы ($p<0,001$)) және неонаталды қауіп факторларына (нәрестелердің респираторлы дистресс синдромы ($p=0,007$), тыныс алу қоспасындағы оттегі концентрациясы ($FiO_2 > 40\%$ ($p<0,001$)) тәуелділігі анықталған. Ата-аналардың жасы ұлғайған сайын БӨД даму мүмкіндігі жоғары;

2. БӨД сырқаттанған балалары бар отбасылар әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының төмендігімен, медико-әлеуметтік қолдауға мұқтаждығымен сипатталады, олардың арасында баланы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ете алмау (44,1%), мамандарға қаралуға (55,9 %) қажеттілік көрсеткіштері жоғары. БӨД науқас балалардың өмір сапасы өмірлік әрекеттердің барлық параметрлері бойынша, сау балалармен салыстырғанда, төмен. Әсіресе 2-4 жастағы балаларда өмір сапасы бойынша айырмашылық айқын ($p<0,001$);

3. БӨД сырқаттанған балаларға көрсетілетін көмектің ұйымдастырылу мәселелері медициналық және әлеуметтік көмек көрсетуді жақсартуды талап етеді. Медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру моделі балалар арасындағы өлімді, аурушылдық пен мүгедектікті төмендетуге әсерлі цифрлық даму негізінде кешенді жүйе түрінде ұсынылады. Құрастырылған «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар регистрін» денсаулық сақтау практикасына енгізуді жеделдету науқастар туралы барлық мәліметтерді біріктіруге және балалардың медициналық-әлеуметтік мәселелерін дер кезінде анықтап шешуге мүмкіндік береді.

Түйіндемелер:

1. Алматы қалалық перинаталды орталығында тірі туылғандар арасындағы БӨД жиілігі 0,2 % - дан (2013 ж.) 0,4 % - ға (2017 ж.), шала туылғандар арасында 1,3 % - дан (2013 ж.) 2,9 % - ға (2017 ж.) өсті. БӨД-пен сырқаттанатын балалардағы 3 айға дейінгі леталдылық 29,4 % - дан (2013 ж.) 18,2 % - ға (2017ж.) төмендеді;

2. Көпшілік логистикалық регрессия нәтижелері бойынша БӨД-ның антенаталды және интранаталды қауіп факторлары: артериалды гипертензия ($p=0,042$), жүктіліктегі ісіну ($p=0,009$), қағанақ суының көптігі ($p=0,035$), антенаталды стероидты РДС алдын-алуы ($p<0,001$); БӨД-тің неонаталды қауіп факторлары: нәрестелердің респираторлы дистресс синдромы

($p=0,007$), тыныс алу қоспасындағы оттегі концентрациясы (FiO_2) $> 40\%$ ($p<0,001$). Сондай-ақ, көпшілік логистикалық регрессия нәтижелері ата-аналардың жасы ұлғайған сайын БӨД даму мүмкіндігі жоғары екендігін көрсетеді;

3. Үш жас мерзімінде БӨД-тің негізгі нәтижесі клиникалық сауығу болды – $62,5\%$, $15,6\%$ балаларға созылмалы бронхит диагнозы қойылды. Алайда БӨД сырқаты бар балалар арасындағы өлім көрсеткішінің жоғарылығы $21,9\%$ көрсетеді. Оның ішінде бір жасқа дейінгі леталдылық $18,8\%$ құрады. БӨД-пен сырқаттанатын балаларда келесі қосымша аурулар жоғары жиілікпен диагностикаланды: психомоторлы дамудың кідірісі $65,6\%$, балалардың церебралды салдануы $17,2\%$, ретинопатия $62,5\%$, анемия $39,1\%$, ақуыз-энергетикалық жетіспеушілік $15,6\%$. Ауыр қосымша аурулардың кездесуі БӨД бар балалар арасындағы мүгедектіктің жоғары деңгейін көрсетеді ($28,1\%$). Олардың ішінде БӨД бойынша мүгедектік $4,7\%$ балада кездеседі;

4. Аурудың өршу жиілігі БӨД-пен сырқаттанатын балалардың өмірінің бірінші жылында ($p<0,001$), екінші жылында ($p=0,016$), үшінші жылында да ($p=0,013$) статистикалық мәнді жоғары болды. Өршумен байланысты ауруханаға жатқызу баланың өмірінің алғашқы жылында жиі орын алды ($p=0,041$). Сондай-ақ өкпе қабынуы БӨД-пен сырқаттанатын балалардың өмірінің бірінші жылында ($p<0,001$), екінші жылында ($p=0,004$), үшінші жылында ($p=0,005$) статистикалық мәнді жиі диагностикаланды;

5. БӨД-пен сырқаттанатын және сырқаттанған баласы бар отбасылардың медико-әлеуметтік сипаты аналардың ($p=0,046$) және әкелердің ($p=0,007$) жасы ұлғайғандығын көрсетті. Әкелердің жартысынан көбі шылым шегеді $52,9\%$ (БТ $38,1\%$). Шылым шегетін аналар $5,9\%$ тек қана осы отбасыларда кездесті. Бұл отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмен екендігі анықталды. Ата-аналардың арасында баласына дәрі-дәрмек алуға ($44,1\%$) және мамандарға қаралуға ($55,9\%$) мұқтаж отбасылар көрсеткіші жоғары;

6. БӨД-пен сырқаттанатын және сырқаттанған балалардың өмір сапасы аталған ауруы жоқ қатарластарынан барлық параметрлер бойынша төмен. Әсіресе 2-4 жастағы балалардың өмір сапасы жоғары мәнділікпен ($p<0,001$) төмен болды. Жалпы балл $67,52\pm 17,3$ (БТ $86,5\pm 9,12$) құрады. 5-7 жастағы балаларда да жалпы балл төмен болды және $69,91\pm 17,86$ (БТ $80,13\pm 16,44$) құрады. Алайда бұл топта өмір сапасының көрсеткіштері бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталған жоқ ($p>0,05$).

7. Зерттеу нәтижелері бойынша құрастырылған БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіру моделі балалар арасында аурушандықтың, мүгедектіктің және өлімнің азаюына ықпал етеді.

Диссертация мазмұны бойынша жарияланымдар

Диссертациялық жұмыстың материалдары 13 ғылыми басылымда жарық көрді. Оның ішінде:

- Scopus мәліметтер базасында индекстелетін журналдарда – 1 мақала;
- БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда – 6 мақала («ҚазҰМУ Хабаршысы», «Астана медициналық журналы», «Педиатрия және бала хирургиясы»);
- халықаралық конференция жинақтарында – 6 мақала («Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time» Materials of the V International Scientific – Practical Conference. (Tokyo, Japan, 2020), XV международная научно-практическая конференция молодых ученых и студентов «Современные проблемы и перспективное направления инновационного развития науки» (Таджикистан, 2020), Of international scientific – practical conference of students and young researchers «Apsatar reading: «New vectors in science of the 21st century: questions, hypotheses, answers» (Алматы, 2019), Материалы научно-практической конференции с международным участием «Инновационные технологии в службе перинатологии и детской кардиохирургии» в честь 30-летия Независимости РК и 10-летия открытия Центра перинатологии и детской кардиохирургии (Алматы, 2021), Материалы IV международного научно-образовательного форума «Ана мен бала» 20-21 мая 2021 года, посвященного 85-летию Нины Амировна Каюповой (Алматы, 2021), Материалы IX съезда детских врачей Казахстана «Достижения и перспективы развития педиатрии и детской хирургии» (Алматы, 2021).

Зерттеу нәтижелерін ендіру

Алматы қаласы бойынша емханаларына (ҚЕ № 1, ҚЕ № 2, ҚЕ № 22, ҚЕ № 23, ҚЕ № 25) «БӨД сырқаттанатын науқастар регистрін» ендіру актілері алынды.

Инновациялық патенттер, авторлық куәліктер

1. Авторлық куәлік № 16560. «Бронхөкпе дисплазиясы ауруына шалдыққан баласы бар жанұялардың медициналық-әлеуметтік сипаттамаларын және медициналық белсенділігін оқып зерттеу үшін жүргізілген сауалнама». 2021 ж.

2. Авторлық куәлік № 21378. «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанған науқастар регистрі» (bld.bolimi.kz). 2021 ж.

Диссертация көлемі мен құрылымы

Диссертация 170 бетте баяндалған және кіріспеден, мәселенің заманауи жағдайына шолудан, зерттеу әдіснамасынан, 5 тарау жеке зерттеулерден, қорытындыдан, тұжырымдардан, тәжірибиелік ұсыныстардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияда 42 кесте, 33 сурет, 226 әдебиет көзі бар.